



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ _____

№ 11 от 31.01.2025

Атырау қаласы

город Атырау

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65-бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 15-бабына және 25-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесі бекітілсін.

2. Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 67 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін бекіту туралы» және Атырау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 31 қаңтардағы № 29 «Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 67 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулыларының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі



С. Шәпкенов

Атырау облысы әкімдігінің
2025 жылғы 31 қаңтардағы
№ 11 қаулысына қосымша

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру
жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық
міндеттердің тізбесі**

P/c №	Атауы
Білім беру саласы	
1.	Тозығы жеткен білім беру нысандарын күрделі жөндеу
2.	Мектептердегі орын тапшылығы мен үш ауысымды мектептердің мәселесін шешу мақсатында жаңа мектептер салу
Денсаулық сақтау саласы	
3.	Денсаулық сақтау ұйымдарын заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету
4.	Шалғай жерлерде орналасқан елді мекендердің тұрғындары үшін медициналық қолжетімділігін арттыру мақсатында жаңа медициналық нысандардың құрылысын салу
5.	Жоғары технологияларды пайдалана отырып, көпсалалы медициналық қызметтерді жүзеге асыратын медициналық орталық салу
Жол саласы	
6.	Жол инфрақұрылымын жақсарту
7.	Жергілікті деңгейде қоғамдық көліктердің санын ұлғайту арқылы тұрғындардың жолаушылар көлігі қызметіне қолжетімділікті арттыру
Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласы	
8.	Көше жарықтандыру желілерін жаңғырту және салу
9.	Сумен жабдықтау жүйелерін жаңғырту
10.	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту